Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі бойынша 2024 жылдың 16 сәуір күні "Аралас мектептерде мемлекеттік тілдің оқыту сапасын арттыру" онкүндігінде "Қазақ тіліндегі көркем әдебиет шығармалар" көрмесін мектеп кітапханашылары Г.Айдарова мен Қ.Қасымбаевалар ұйымдастырылып оқырмандарға насихаттау жұмысы жүргізілді. 4 сынып оқушылар арасында ақын жазушыларын шығармаларын пазл әдісі арқылы іс- шара ұйымдастырылды.








# Мәлімет

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің кітапхана оқырмандары**«Оқуға құштар мектеп»**жобасы аясындатілімізді дәріптеу,тіл туралы танымдық деңгейін артыру мақсатында
**«Тіл- адамдық белгісінің зоры,жұмсайтын қаруының бірі»** атты онкүндікте **«Мемлекеттік тіл - менің тілім»** аттырепортажымыз мемори әдісі арқылы жүргізілді.Ұстаздар мен оқушылар белсене қатысып,өз ойларын ашық жеткізді.

Мектеп директоры: Акбердиев Е.Д

Кітапхана меңгерушісі: Айдарова Г.С

# Мәлімет

Түркістан облысы,Шардара ауданы Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің кітапханасында Аудандық білім бөлімінің

№ 229-01/02-17/2557хатына сәйкес 19қазан құтқарушылар күніне орай

оқырмандарға өрт болған жағдайда құтқару әдістерін пайдалану мақсатында**« Ашық есік күні», «Өртке қарсы қызметке бір күн»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.Бүгінгі кітап көрмесіне оқырмандар өздеріне қажеттілігін алды.

Мектеп директоры: Акбердиев Е.Д

Кітапхана меңгерушісі: Айдарова Г.С

# Мәлімет

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасында **«Оқуға құштар мектеп »**жобасы аясында **«Күзде біз жалықпаймыз,кітап оқимыз»**атты іс-шара оқушылардың күзгі демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында ұйымдастырылды.Оқыған кітаптарына талдау жұмыстары жүргізілді.Осы іс-шара барысында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығы артты.

Мектеп директоры: Акбердиев Е.Д

Кітапхана меңгерушісі: Айдарова Г.С

**Мәлімет**

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің кітапханасында оқырмандарды Отансүйгішке,туған жерін қорғауға баулу мақсатында « **25қазан Республика күні** »арналған 4 «А» сынып оқушылары өздерінің Отан,туған жер өлеңдерін жатқа айтып, аудандық мектеп кітапхана оқырмандарына челлендж жолдады.

Мектеп директоры: Акбердиев Е.Д

Кітапхана меңгерушісі: Айдарова Г.С

**Мәлімет**

Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің кітапханасында оқырмандарды елін, жерін ,отанын сүйіп,қорғау,құрметтеу мақсатында **«Менің Отаным-Қазақстан»** атты 4 «А» сынып,6 «Ә»сынып оқушылары арасында оқырмандар бенифесі жоғары денгейде өтті. Өздерінің өлеңдерін жатқа айтып,туған жер туралы ән салып ,өз өнерлерін көрсетті.Оқырмандар Отанды қорғауды,қастерлеуді,құрметтеуді үйренді.

Мектеп директоры: Акбердиев Е.Д

Кітапхана меңгерушісі: Айдарова Г.С

Түркістан облысы
Шардара ауданы
« Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп»

# «Менің Отаным-Қазақстан»

Республика
күні
25
қазан

Дайындаған: Айдарова Г.С

2023-2024 оқу жылы

**«Менің Отаным-Қазақстан»**

**Мақсаты**:- Оқырмандарға Отанын сүйюге, туған тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.

**Жүргізуші:** Құрметті кітап сүйер қауым!

Түркістан облысы,Шардара ауданы, «Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» кітапханасының ұйымдастырған « Менің елім-Қазақстан!» атты мәнерлеп оқуға қош келдіңіздер!
**Жүргізуші:** 25 қазан – Республика күніне арналған ұлттық мерекелік салтанатты бастаймыз.( Әнұран ойналады)

**Жүргізуші:** Ассалаумағаликум, халқым менің,
Жайнаған жүрегімде жарқыл ма едің?!
Тірлігің өз халқыңа жаңа тиді,
Ендігі елдігіңнен тартынба елім.

**Жүргізуші:**
Ұшырмай көкіректен жыр кептерін,
Өлеңсіз аша алам ба сыр беттерін?
Армысың жиналған топ үлкен, кіші,
Армысың айналайын халқым менің.

**Жүргізуші:** 1990 жылы 25 қазанда Республиканың жоғары кеңесі еліміздің тәуелсіз мемелекет ретінде дамуының құқықтық негізін қалаған Декларацияны қабылдады. Осы тарихи маңызды қадам арқылы Қазақстан дербестіктің, тәуелсіздіктің алғашқы баспалдағын басты. Сол уақыттан бері мемлекетіміз өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына төтеп бере отырып, даму мен өркендеу жолында келеді.

**Жүргізуші:**
Ата - бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсап өткен Тәулсіздікке қол жеткізгелі бері еліміз талай – талай асқарлы асуларды бағындырды. Өтпелі кезең ауыртпалықтарын бастан өткізіп, оңай тимеген экономикалық, саяси реформалар жүзеге асырылды. Қазір Қазақстан – көп елдермен терезесі тең, елдік рәміздері анық, мәртебесі беделді мемлекет.

**Жүргізуші:** Қызыл бұлттай көрсең қырдың гүлдерін,
Көрсең ашық Ала таудың күндерін.
Жерінде гүл, көгінде күн бір жүзген,
Ұлан байтақ Республикам бұл менің.

Жүргізуші: Елтаңба
Алтын қанат көмкерген.
Шаңырақ бар, уық бар.
Әсем бине сен қыран,
Жай бине емес ұғып ал.
Көгілдір түс аясы.
Бейбіт дала елесі.
Шаңырық жұрт панасы,
Уықтан күн сәулесі.
Аңызға ұшқыр төзімді,
Пырақ халық арманы.
Жоғары да түсер көз,
Бас бармақты жұмуға.
Ал, Қазақстан деген сөз.
Таныс барлық ұл, қызға.
Маған, саған қымбатты
Ел таңбасы ол – Елтаңба.
Жүргізуші: Теңге.
Шынымененен Алла рахым берді ме?
Халқымның көз жасын ол көрді ме?
Мәңгілікке жасай берсін теңгеміз.
Қолды жаймас, кезегіне келді ме?

**Жүргізуші**: Тәуелсіз елдің өз Парламенті, мемлекетіміздің айшықты белгісіндей Ата заңымызды қабылдып, қазақ тілі – мемлекеттік тіл дәрежесін алды.
**Жүргізуші:** Біз Қазақстан халқы, қазақ жерінде мемлекет құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік, татулық, бейбітшілік, азаматтық қоғам деп, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілікті негізге алып, Ата заң – Конституцияны қабылдадық.
Жүргізуші: Астана қаласы 1997 жылы желтоқсанның 10 – нан бастап қазақстан мемлекетінің елордасы атанды.

**Жүргізуші:** Бірлік, татулық, ынтымақ! Халық осы үш ұғымның қадірін жақсы біледі. Қазақстан Республикасы жүздеген ұл пен ұлыстың басын біріктіріп, ынтымағын жалғыстырып отырған Ұлы мемлекет.
**Жүргізуші:** Қазақстан өз Президентін Ұлы тұлға деп мақтана алады.

**Жүргізуші**: Елім менің!
Қазақстан – менің туған анамсың,
Өзгеде жоқ, өзімде бар даламсың.
Кеңдігіңмен, молдығыңмен момақан,
Ақыл, сабыр үлестірген данамсың.
Елім менің атыңды атап ер жеттім,

**Жүргізуші:** Қазақстан, Қазақстан – алтын күн,
Жанымызда жарқырайтын жарқын күн.
Атандың сен барлық әлем тілінде,
Атыменен «Қазақ» деген халқының.
**Жүргізуші:** Қазақстан, Қазақстан – ұлы анам,
Есіміңді естігенде қуанам
Қазақстан – қыран жетпес биік тау,
Қазақстан – жазы күзі гүл алаң.
**Жүргізуші:** Ел жоқ білем аңсамаған теңдікті,
Еркін жүріп көксемеген кеңдікті
Он бес жыл бұрын, тәуелсіздік алдық біз.
Жалғастырып баба жолын, елдікті.
Шақырады Елбасымыз бірлікке,
Еңбек ет деп, түріңді көр тірлікте.
Тірлігінің бар, еңбек өмір тілегі,
Көп айтпа дүрыкпа сөз, дүрлікпе.
Өмірдің бар ұрпаққа өсиет шашқандай,
Тарихтың бар тайға таңба басқандай.
Көк байрағым көкте биік желбіреп,
Бәрімізді шақырып бізді жатқандай.
**Жүргізуші:** Бұл күнде қазақ елі дамып жатыр,
*Аты – жөнін жер әлем танып жатыр.*
Халқымның ілгерілеу қамын ойлап,
Елбасым шартарапқа барып жатыр.
Ата заңы басшылықты алып жатыр.
Орнасын жер әлемде тыныш заман.
Өмір сүрсін теңдікте барлық адам.
Зу етіп өте шығар бұл жалған да,
Аман жүрсін бар қауым тыныс алған.
Тыныштық болса дейміз жер бетінде,
Бейбітшілік, азаттық ел еркінде.
Желбіреп көк байрағы қазағымның,
Биік бола берсе екен ел көркіне.

**Жүргізуші:** Ту.Желгіре туым желбіре,
Көргенде сені қуанам.
Мақтан қып сенің сәніңді,
Атманмен алыс атанам.
Желбіре туым, желбіре,
Әлемге жетсін шуағың.
Өзіңді ұстап қолыма,
Қасқайып төрде тұрамын.

Ақ сүт беріп, әлдиінмен тербеттің.
Тербеттің де, құдіретті сөз бердің,
Тек өзіңе тең биікпен сөйлетің.
Соның бәрін көрсеттірген өзіңсің,
Ғажаптармен жол шектірген өзіңсің.
Қазақстан, менің Қазақстаным!
Сезімсің де жұртқа қарар көзімсің!
**Жүргізуші:**
ПРЕЗИДЕНТ. Шықты тарап ой данадан,
Бері қарады жұлдыз беті.
Өзі қалап, сайлап алған,
Елімнің бар Президенті.
Аман бол алтын жүрек, дана басым.
Ел үшін өлімге де бара аласың.
Буынның бүгілмесін ел алдында,
Ертең де еңбегіңді бағаласын.
**Жүргізуші:**– Туған Отан алтын бақ, Қазақстан – мейірлі ана, дос қымбат.
Қазақстан – біздің туған Ұлы Отан, Ұлы жолға түсті келіп жарқылдап.
Қазақстан – көпті көрген қария, Жайнай берсін, жайнай бер сен мәңгілік!

Қорытынды сөз кезегін тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Байқоңыровқа сөз кезегін береміз.

Туған жеріміздің тұғыры биік болсын! Назарларыңызға рахмет!

Шардара ауданы
«Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектеп

# «Мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаш»

Дайындаған:Айдарова Г

2023-2024 оқу жыл

**Сабақтың тақырыбы: «Мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаш».**

**Сабақтың мақсаты:** Оқырмандарды «сөз мәйегі, мақал-мәтел» дегендей ата - бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке ойын нақты дұрыс жеткізуге, тақыр сөйлеуге, салмақты ой айтуға үйрету.

**Сабақтың көрнекілігі:** Нақыл сөздер

**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалардың назарын сабаққа аудару.

Сабақтың барысы: Кіріспе сөз:

Құрметті тәрбиеленушілер, бүгін сендермен «Мақал-мәтел», жұмбақ және «Жаңылтпаштар» айтуға шақырамыз. Мақал-мәтелді, жұмбақ жасыруды, және жаңылтпашты білмейтін оқушылар жоқ шығар. Балааларды топқа бөліп жұмбақтар,мақал-мәтелдер және жаңылтпаштар айтып жарыстыру.

***Ендігі кезекті мақал-мәтел айтуға берейін.***

1. Отаны бірдің жүрегі бір, - ***Жанбота***
   Жүрегі бірдің тілегі бір

2. Туған жердей жер болмас, - ***Ақбота***
   Туған елдей ел болмас

3. Отансыз адам, ормансыз бұлбұл - ***Ажарлым***
4. Отан отбасынан басталады–***Мадияр***
5. Күш білімде – білім кітапта – ***Мухамедияр***
6. Білім арзан – білў қымбат – ***Нұрмухаммед***

---

1. Саусақ бірікпей – ***Маржан***
   Ине ілікпейді.

2. Ит тойған жеріме - ***Ернар***
   Ер туған жеріме

   Кісі елімде сұлтан болғанша – ***Ернар***
   Өз еліңде ұлтан бол.

3. Мал конысын іздейді – ***Сырым***
   Ер жігіт туысын іздейді

4. Ерді намыс өлтіреді – ***Әмина***
   Қоянды қамыс өлтіреді.

5. Ел-елдің бәрі жақсы - ***Ибраһим***
   Өз елің бәрімен жақсы

**Жарайсыңдар балалар! Ендігі кезекті жұмбақ жасыруға берейік.**

1. Басы – тарақ – ***Жанбота (Қораз) 0 «А»***
   Арты - орақ
2. Басында екі таяғы бар, - ***Ақбота (Ешкі)***
   Төрт аяғы бар, сегіз тұяғы бар.
   Иегінде сақалы бар.
3. Асты тас, үсті тас, - ***Ажарлым (Нан)***
   Ортасында піскен ас
4. Қолы жоқ сурет салады, - ***Мадияр (Аяз)***
   Тісі жоқ, тістеп алады.
5. Таңмен көзін ашады, - ***Мұхаммедияр (күн)***
   Әлемге нұрын шашады.
6. Ти десем тимейді, - ***Нурмухаммед (Ерін)***
   Тиме десем тиеді.
1. Бар жұмысы, ермегі, - ***Маржан (Шыны)***
   Талмай қанат қағады.
   Еңбекті қош көрмейді,
   Жат ыдысты бағады.
2. Қарайып ұшты қарғадай, - ***Ернар (Қоңыз)***
   Бармаған жері қалмады-ай.
   Жерге түсті, ін қазды,
   Аяғымен тырмалай
3. Ұзын-ұзын ұзардай,
   Ұзыннан аққан сулардай.
   Ағаш атқа мінгізіп,
   Ұзартып қойған мұнардай.
4. Күннің нұрын сүйемін, - ***Әминә (пісте)***
   Күнге басымды иемін.
   Моншағым жоқ мойнымда,
   Үлкен қалпақ киемін
5. Бес қоруы белінде,***(Бүркіт)***
   Самғап жүреді көгінде.

***Жарайсыңдар балалар***

***Ендігі кезекті жаңылтпаштарға берейік.***

1. Хакім хат ашып отыр, - ***Жанбота***
   Хат ашып, шатасып отыр

2. Ата мен әже, ана да, - ***Ақбота***
   Алма мен алмұрт тереді.
   Ауылға Арман бала да,
   Арбамен тасып береді.

3. Тақпақ жаттап, - ***Ажарлым***
   Айтсаң жақсы – ақ

4. Біреуі көрікті кісі – ***Мадияр***
   Біреуі берікті кісі

5. Доп теп, доп теп – ***Мухаммедияр***

6. Қондық жаңа қонысқа, - ***Нурмухаммед***
   Қалың екен жоңышқа

1. Асан бақша жақтан, - ***Маржан***
   Ақ сабақ асқабақ әкелді.
   Басқа жақтан,
   Басқарған асқабақ әкелді.

2. Бұлақ – бұлақ еткен бұлақ, - ***Ернар***
   Бұлақ десең екен қылақ.

3. Тақпақ жаттап, - ***Сырым***
   Айтсаң жақсы ән.
   Жатқа тақпақ,
   Жатта тақ-тақ

4. Қапыда ит қапты, - ***Әмина***
   қатты қапты
   қапты қатты

5. Шақпақ тасқа шағып, - ***Ибрахим***
   Шоқ-шоқ еткен.
   Шымашық тай-ақ, шаң-шаңай.

Бәрекелді балалар. Бүгін сендер керемет мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, және бір-бірімізге жұмбақтар жасырдық. Бүгінгі сабағымыз сендерге ұнады ма? Балалармен сұрақ-жауап. Балаларды мадақтау.

***Сабақты қорытындылау:***

***Сабақты аяқтау: Сау болыңдар***

Шардара ауданы

«Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектеп»

# «Ерлік-елге мұра,ұрпаққа ұран!»




Дайындаған: Айдарова Г

2023-2024 оқу жыл

# Ерлік-елге мұра,ұрпаққа ұран!

**Мақсаты: Ауған оқиғасы**ның тарихи мағыналық ақиқатын ашу. Тәуелсіздік жолында күрескен ағаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, жастарды Отансүйгіштікке, ерлікке баулу, **Ауған** соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету

**Көрнекілігі:** Проектор, экран, компьютер, слайдтар

**Жоспары:**

I. Ерлік сабағының ашылуы

II. Қонақтарды таныстыру

III. «**Ауған** ақиқаты». **Ауған**стан соғысы тарихына қысқаша мәлімет

IY. «Ардагермен сұхбат»

Y. «Жауынгер және жасұлан»

YI. Қорытынды.

Барысы:

1 – жүргізуші

Құрметті қонақтар, Ұстаздар мен студенттер! Интернациолист жауынгер ағаларымыздың құрметіне арналған «**Ауған**стан ақиқаты» ерлік сабағымызға қош келдіңіздер!

2 – жүргізуші:

Жаулардан қарсы келген жасқанбаған
Жасаған ерлігіне мастанбаған.
Ұрпаққа өмір жолың өнеге боп,
Тарихта ардагерлер асқан баған – деп батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз біздің ортамызда. Бүгінгі кешке қатысушы қонақтарымызбен таныстырайық.

---

III. «**Ауған** ақиқаты». **Ауған**стан соғысы тарихына қысқаша мәлімет

1 – жүргізуші

**Ауған**стан жеріндегі соғыс тарих беттерінде өзіндік із қалдырды. Тарих бетінен сызып алып тасталмайтын бұл соғыстың қысқаша тарихын сөз етейік.

1 - оқушы:

Алдымыздағы ақпанның 14 - інде КСРО әскерлерінің **Ауған**стан жерінен шыққанына 24 жыл болады. **Ауған**станға армияны енгізу туралы шешім 1979 жылдың 12 желтоқсанында Кеңестер Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Саяси бюросының отырысында қабылданып, аса құпия қаулымен бекітілді. Қызыл Армияның шектеулі континенті он жыл бойы ауған халқымен бірге соғыс әрекеттерін жүргізді. **Ауған**стан жерінде интернационалдық борышын атқарған Қызыл Армия жауынгерлерінен басқа да, көптеген қауіпсіздік қызметінің және ішкі істер органдарының қызметкерлері де болды.

1986 жылдың ақпанында болған КОКП XXYII съезінде М. Горбачев әскерді кезең - кезеңге бөліп, ауған жерінен шығару керектігін мәлімдеді. 1989 жылы ақпанның 14 күні КСРО – ның соңғы әскери бөлімі Кабулдан шықты.

«**Ауған** соғысының тағылымы мен тарихы да өзгеше. Ол уақытта 18 бен 20 – ның арасындағы ерімдей жастар, бас - аяғы 22 мың қазақстандық өрен азаматтар мамыражай тіршілік етіп жатқан кезде бөтен елде өздерінің ел алдындағы борышын өтеді. Соғыс деген қаралы ұғым. **Ауған** соғысында мерт болғандар мен ардагерлердің алдында қашанда бас иеміз».-

**Ауған** соғысына КСРО құрамында 22 000 қазақстандық қатысты. 2 238 күнге созылған соғыста 924 қазақстандық мерт болып, 1015 жауынгер мүгедек болып қайтты. 21 адам хабар – ошарсыз кетті.

2 – оқушы:

КСРО әскерлерінің Ауғанстан жерінен шыққанына 24 жыл толуын атап өту қарсаңында «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауына қатысты өз жазбаша пікірлерімен ой бөліскен Мәжіліс депутаты, **Ауған** соғысының ардагері Сатбаев Қылыш жастарды ел үшін еңбек етуге шақырады.

«Ең алдымен айтарым, адам баласын жақсылыққа үміттендіріп, жасампаздыққа жетелеген лазым. Жасампаздықтың бір кілті ашылса, адамның да, қоғамның да қалған өмірі күреспен өтеді. Елбасының биылғы Жолдауы Қазақстанның әлемдік деңгейдегі бағдарламасы мен бағытын айқындап берді. Президенттің Жолдауын жастарға арнады. Шын мәнінде, бүгінгі жастар өзгеше. Тәуелсіз елдің төл перзенттері, санасы тәуелсіз, ойы озық, білімі асқан азаматтар. Жастар жауапкершілікпен қатар, ауыртпашылықты да сезінуі керек»,- дей келе **Ауған** соғысының ардагері бүгінгі еңбек майданын кешегі Ауған соғысына теңеді.

1 – жүргізуші:

- Осыған байланысты қазіргі жастарға қойылатын талап өте жоғары деңгейде екенін біле отыра жастардың білім алуға, еңбекке деген, Отан қорғауға деген жауапкершілігі қаншалықты деңгейде екені жайлы ой бөлісе отырсаңыздар

-

2 – жүргізуші

Құрметті қонақтар енді көпшілікке келешегіміз бен жарқын болашағымыздың жасаушысы, жалындаған жас ұрпаққа жауынгер ағалардың аманаты ретінде «Ұрпаққа аманат» әнін назарларыңызға ұсынамыз.

Ұрпаққа аманат

Баласы батыр туғанның
Денесін сумен жуғанның
Батыр да халық қазақпыз
Кіндігін түйіп буғанның

Даламен бірге қайнасып
Көкпенен бірге жайнасып
Көршімен тату, жауына қату
Қарасаң егер байқасып

Тамыры терең кеткенін
Жайнаған дарқан мекенім

насихаттаған дұрыс деп ойлайсыз?
1 – жүргізуші:
Он жылға тарта созылған бұл соғыстың аяқталуы да ауыр болды. Біздің білетініміз 15 ақпан 1989 жылы 40- армияның **Ауған** жерінен генерал Боир Громовтың шығуы еді. Шын мәнінде оқиға басқаша болған. Соғыс бітсе де шекаралар мен негізгі құрамалар қалдырылған. Соңғы шығушы қазақстандық офицер Виктор Харичев басқарған шекарашылар. Олар ешқандай сән – салтанатсыз. Құшаққа алған гүлдерсіз **Ауған** жеріндегі соғыстың ақырғы нүктесін қойды. Өкінішке орай бұны әркім біле бермейді. **Ауған**стан кеңес әскерлерінің шығарылғанына 24 жыл өтсе де, сол кездегі жауынгерлер бүгінгі бейбіт өмірдің еңбеккерлері соғыс жарасынан айыға алмай келеді. Бүгін өзімізбен бірге сыр елінің көсегесін көгертуге атсалысып жүрген ауғандық ардагер жауынгерлерді қадірлеп – құрметтеу – біздің борышымыз.

2 - Жүргізуші:
Сонау **Ауған** жерінде қару асынып мұң арқалаған сын сағаттарда бірін - бірі бауыр дескен азаматтар бүгінгі таңда еліміздің түкпір - түкпірінде еңбек етуде. Аяулы ағалар уақыт тауып келгендеріңізге рахмет! Сіздерге ұзақ ғұмыр, денсаулық, жанұяларыңызға бақыт тілейміз! Аспанымыз ашық болсын, бейбіт өмір жасай берсін.
Ән «Майдангерлер»

Шардара ауданы
«Б.Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектеп»

# «Тәуелсіздік таңы»



Дайындаған: Айларова

2023-2024 оқу жыл

# «Тәуелсіздік таңы»

Кештің барысы: Әнұран

1 - жүргізуші: Армысыздар, құрметті ұстаздар және оқырмандар!

Түркістан облысы,Шардара ауданы, *Б.Сохлакбаев атындағы жалпы білім* беретін мектеп кітапханасының оқырмандары мен 6 «А»сынып оқушыларының ұйымдастырған Тәуелсіздігіміздің 32 жылдығына арналған «Тәуелсіздік таңы » атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер! Мерекелік кешіміздің ашылу сөз кезегін

---

Ғазиза

Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз. 32 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын кезеңнен аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дидарындағы ең мықты мемлекеттер танитындай, сыйлайтындай деңгейге жеткізген тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашанда айтып өтеміз.

Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке деп білеміз, себебі, осынау жүрекжарды қуанышқа толы күнді ата - бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, күтумен өтті.

1 - жүргізуші:

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің
Бүгінде бар әлемге даңқың жетті
Тәуелсіз Қазақстан – елім менің

**Кезекті** «Тәуелсіздік –ел тағдыры» атты виртуарльды көрмеге береміз.

Бақытым - Республикам Қазақстан,
Көгінде ақ көгершін, қыран ұшқан.
Саған жетпес құшағы әлемнің де,
Қыс болса, бір шетінде жаз ауысқан

6 «А»сынып оқушыларының орындауында «Рухани жаңғыру биі»

Қазақпын, еңселі елмін егеменді,
Кеңейттім кең әлемге керегемді.
Мұхиттың ар жағында жатқан жұрттар
Таныды тепе - тең деп терезені.

Кезекті Оқырмандарға береміз

Бар ма екен шіркін жалғанда
Қазахиэма жететін
Осындай елді құрған
Бабадан қалған мұрадан
Жастарға сарқыт ерлігі
Сел болар аса жырадан

Ел үшін өткен батырлар
Шайырлар менен ақындар
Күш пенен түйсік, ақылды
Бағындыра алған дарындар

Олардың ерлік тәлімі
Халқына айқын мәлімді
Ұғына алса керекті
Қазіргі ұл - қыз халіңді

Атойлап шапқан батырлар
Рухын қайрап ақындар
Ұрпағым аман болсын деп
Қыршынбасын деп жатырдан

Ел үші қиып құр жанды
Ұстанған елміз бір заңды
Биікке қойған қазақпыз
Ар - ұятпеңен ұжданды

Жауына күшін көрсетіп
Ізіне ерген ел сеніп
Жастарға бүгін аманат
Жасалған істер белсеніп

Бабалар салған сара жол
Өшпейтін мәңгі дара жол
Ұрпаққа бүгін аманат
Қорғай біл халқым пана бол

I – жүргізуші:
«Ерлік - жан дүниенің ұлы қасиеті» деген екен бір дана қария. Өмірінің елшеусіз бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жауызымен елге аман – сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағаларымызбен кездесіп, бүгінгідей сұхбат жүргізу – біз үшін бір ғанибет.

IY. «Ардагермен сұхбат»
- Қазіргі бейбіт заман сарбаздарынан қандай батырлық, ерлік қасиеттерін көріп жүрсіз?
- Өз тәжірибеңізден қазіргі жастар өз елінің патриоты ретінде қандай болу керек деп ойлайсыз?
- «Ерлік, батырлық, жауынгерлік» ұғымдарын жастар арасында қалай

Қазақ дейтін менің бір елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін.
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далаға жылап келіп қуанған, - деп Қасым Аманжолов ағамыз жырлағандай, кең байтақ жерімізде Қазақ халқының басынан не өтпеді десеңізші. Талай қиындықты бастан кешірсе де, ешқашан мойымай, күресе білді. Азаттық таңы туатынына *кәміл сеніп, үміттерін үзбеді.*

**Көрініс «Желтоқсан оқиғасы»**

Сол күндер той жүректің аңсағаны,
Соған шегдеп, шеліркеп тамсанады,
Өкініш пе, білмеймін қуаныш па
Өз - өзінен жүрегім ән салады.
Тас еденде жатты қазақ баласы,
Ауырса да, қиын өтпеді жарасы,
Жараланған жолбарыстай, ышқынып,
Айтып жатты соңғы сөзін ол ащы

**Видео ролик**

Ән: **«Қарабайыр қасқалдақ»**

Қасиетті Қазақстан мекенім,
Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.
Елім, жерім, Отаным – бақ - дәулетім,
Болашағым, өнер – білім, еркенім.

**« Желтоқсанның жоғары» көрініске береміз.**

Желтоқсан – заман толғағы байтақ даланың,
Шарпыған сәті үміт пен күдік қаланың
Желтоқсан – Қайрат, Ләззат, Сабира
Құрбаны болған жастаның

Жер болса, ел болады, ел болса ер болады. Ерлеріміздің арқасында «Қазақстан» егеменді ел болып, дүние жүзіне танылды. 120 - дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады.

**Кезекті оқырмандарға**

Қазақ елім! Туды жастық дәуірің.
Алғандайсың жұлдызыңның жарығын.
Тәуелсіздік құтты болсын, қымбаттым,
Туған күнің құтты болсын, алыбым!

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын . Келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар!

**Мұқағали Мақатаевтың жыр-шумақтарын насихаттау мақсатында "Жыр жүйрігі-Мұқағали "атты әдеби кеш**
https://www.facebook.com/share/v/J9fMvdaNhSLBLqPy/?mibextid=WC7FNe
**Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына орай "Алтайдың асыл жыршысы" атты прозалық кеш**
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=196422539866525&id=100084963409035&mibextid=WC7FNe
**"Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз" атты іс-шара**
https://www.facebook.com/share/v/vSFiZt6givbsGWVv/?mibextid=WC7FNe
**"25 қазан Республика күні" арналған мектеп кітапханашыларына челлендж**
https://www.facebook.com/share/v/aCk9UCVQCLd5R6WN/?mibextid=WC7FNe
**"19 қазан — Құтшарушылар күніне" орай оқырмандарды өрт болған жағдайда құтқару әдістерін пайдалану мақсатында "Өртке қарсы қызметке бір күн" атты ашық есік күні ұйымдастырылды.**
https://www.facebook.com/share/v/vbjqjLJNCx2XquNd/?mibextid=WC7FNe
**"Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі" атты он күндікте "Мемлекеттік тіл — менің тілім" атты репортажымыз мемори әдісі арқылы жүргізілді.**
https://www.facebook.com/share/v/9TG2iHroavfsiFvL/?mibextid=WC7FNe
**"Менің Отаным — Қазақстан" атты 4 "А" және 6 "Ә" сынып оқушылары арасында оқырмандар бенифесі**
https://www.facebook.com/share/v/eE6ZJkC9XCpVu8rQ/?mibextid=WC7FNe
**"Тәуелсіздік таңы" атты мерекелік іс-шара өтті.**
https://www.facebook.com/share/v/34NBrmWmeTsbKiFx/?mibextid=WC7FNe
**Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығын "Ақиқаттан аттамаған қаламгер" тақырыбында аудан көлемінде атап өтті.**
https://www.facebook.com/share/v/Nk2wzT7ovrErSELK/?mibextid=WC7FNe

**Сырбай Мәуленов 100 жыл. Челлендж**
https://www.facebook.com/share/v/ktT21WcGY325F7av/?mibextid=WC7FNe
**25 қ25 қазан Республика күні. "Республикам менің" челлендж**
https://www.facebook.com/share/v/DHcPqyFtuvUEFEVw/?mibextid=WC7FNe
**25 қазан Республика күні. Оқырмандар бенефисі**
https://www.facebook.com/share/v/MYbTHpnrNqEBYk83/?mibextid=WC7FNe
**"Оқы және өзгеге сыйла" буккроссинг акциясы**
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=136804885828291&id=100084963409035&mibextid=WC7FNe
**2022 жыл балалар жылына арналған "Үздік бірлестік" байқауы**
https://www.facebook.com/share/v/7h7L7WXr1efWsgpx/?mibextid=WC7FNe
**"Бірге кітап оқиық" кітапханаға саяхат**
https://www.facebook.com/share/v/gYpC14rmnDnrf5DN/?mibextid=WC7FNe
**"Кітапханаға саяхат" сабағы 1-сынып**
https://www.facebook.com/share/v/4TgcYByqpYULV8oh/?mibextid=WC7FNe
Абай Құнанбаевтың 175 жыл мерейтойы. "Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста!" іс-шара
https://www.facebook.com/share/v/jzmgTQPZfk5ZYKuU/?mibextid=WC7FNe
"Тәуелсіздік таңы" төменгі сынып оқырмандарымен бенефис.
"Тәуелсіздік—мәңгілік елдің тұғыры" орта топпен әдеби кеш.
https://www.facebook.com/share/v/CAfqQ6Sjx7ius9Wo/?mibextid=WC7FNe
**Арсен Томскийдің еңбектерін насихаттау мақсатында "Якутиядан Кремний алабына дейін" атты "InDriver" туралы кітабының тұсаукесер іс-шарасы**
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=145128858329227&id=100084963409035&mibextid=WC7FNe
**Мұхтар Әуезовтың шығармаларын насихаттау мақсатында мектеп кітапханасында "Қорғансыздың күні" шығармасына талдау жұмыстары**
https://www.facebook.com/share/r/1CUFE211nSBgHX2D/?mibextid=WC7FNe
**"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 2022 жыл—балалар жылына арналған "Ертегіні жина" атты 4 сынып оқушыларының арасында оқырмандар сайысы**
https://www.facebook.com/share/p/tWCAmKDr2LSA1Wk3/?mibextid=WC7FNe
**"Қысқы демалыста кітап оқиық"**
https://www.facebook.com/share/v/B39EMderhUvqn9qa/?mibextid=WC7FNe
**"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында қысқы демалыс кезіндегі "Қысқы демалыста кітап оқимыз" іс- шарасы ұйымдастырылды.**
**1-4 сыныптар "Жиренше шешен" әңгімелері**
**Гүлнар Мұқышева "Алтын медаль"**
***5-9 сыныптар Мадина Омарова "Көмбе наның дәмі"***
**Оралхан Бөкеев "Қар қызы"**
**10-11 сыныптар Ж. Түменбай "Қардағы іздер"**
**Жұмабай Шаштайұлы "Қызыл қар"**
**кітаптары оқуға ұсынылды.**
https://www.facebook.com/share/p/rsE5a3gswu9eirH5/?mibextid=WC7FNe